

**Перспективалық жоспар**  
**Мектепалды даярлық тобы (5-6 жас)**  
**2020-2021 оқу жылы**

№	Тақырып	Мақсаты	Сағат саны
1	Күз келді!Алақай!	Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. Балабақшадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.	2
2	Менің балабақшам	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. 10-ға дейін тура жәнекерісанаудыжаттықтыру	2
3	Ойыншықтар	Ойыншықтар туралы үлгі бойынша қысқа мәтін құрастыруға үйрету. Қазақ тіліндегі ә,ө дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.	2
4	Жиһаз	Диалогке қатысуға үйрету. Жиһаздардың атауларын айту және түсінуде дағдыларын қалыптастыру. Сөздегі қазақ тіліне тән қ,ғ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.	1
5	Табиғат	Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруға дағдыландыру. Сөздегі қазақ тіліне тән н, ұ, і дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.	1
6	Дені саудың жаны сау	Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ң, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.	1
7	Табиғат әлемі Жануарлар әлемі	Жануарлардың атауларын дұрыс айтуға үйрету, тілдік мақсатында тақпақтарды жаттатқызу, жұмбақтар жасырып, ойлау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу	2
8	Менің отбасым	Отбасы мүшелерінің атауларын таныстыру. «Мынау кім?» деген сұраққа жауап беру. «Ә» «І» дыбысының айтылу ерекшелігін үйрету. Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Зат есімдерді жекеше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.	2
9	Жемістер, көкөністер	Күз мезгілі туралы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға үйрету. Жемістердің, көкөністердің атауларын айтуға дағдыландыру.	2
10	Мекен-жайым	Өзінің мекен-жайы туралы айтып беруге үйрету. Заттың атын білдіретін сөздер	1

		дің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.	
11	Ас– адамның арқауы. Тағамдар	Тағамдармен таныстыра отырып сөздік қорларын байыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Заттың сынын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.	1
12	Құстар	Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс қолдана білуге үйрету, құстардың атауларын қолдану арқылы сөздік қорды кеңейту. Зат есімдерді көпше түрде қолданудағыларын қалыптастыру.	2
13	Ертегілер Елінде. Театр әлемі	Мақалдардың мағынасын түсінуге үйрету. Қазақ тіліне тән, ғ, ң, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. ертегілерді оқып түсіндіру	1
14	Менің Отаным– Қазақстан	Балалардың туған ел, жер туралы білімдерін кеңейту	2
15	Менің сүйікті қалам	Тұратын қаласы (ауылы) туралы әңгіме леп айтуға үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дағдыландыру.	1
16	Астана қаласы	Астана туралы педагогтың үлгісі бойынша қысқа мәтін құрастыруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.	1
	Барлығы:		24